



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 372.881.1

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА АКТ–НЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІ

Баймухамбетова Уразкуль Сеулхановна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
E-mail: urazkulbaimuhambetova@yandex.kz

Ибраева Гульжаукар Бахытевна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
E-mail: guljauhar.ibraeva@yandex.kz

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің Б.Момышұлы атындағы  
№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан

### Аңдатпа

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Өзектілігі – оқушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, білім алушылардың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілік сезім-дерін ояту. Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сол технологиялардың ең тиімдісі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор.

**Түйінді сөздер:** ақпараттық технология, инновация, үрдіс, әдістер, тәжірибе.

### Аннотация

Сегодня наша главная проблема – качество образования. Эффективный способ повышения качества образования – использование различных информационных технологий в системе образования. Актуальность – формирование у учащихся информационной культуры, пробуждение у обучающихся чувства любви к государственному языку. Сегодня существуют различные варианты содержания, структуры образования, новые идеи, основанные на опыте, новые технологии. Наиболее эффективными из этих технологий являются информационно-коммуникационные технологии.

**Ключевые слова:** информационная технология, инновация, процесс, методы, опыт.

### Abstract

Relevans. Goal. Today, our main problem is the quality of education. An effective way to improve the quality of education is the use of various information technologies in the education system. Formation of information culture among a sense of love for the state language. Today there are various content options, educational structures, new ideas based on experience, new technologies. The most effective of these technologies are information and communication technologies.

**Key words:** Information technology, innovation, process, methods, experience.

Ұстаз алдындағы басты мақсат – сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету екендігін бәріміз білеміз. Сол мақсатқа жету үшін сұрақтар туындайды. Сабақты қалай пайдалы, қызықты етіп өткізуге болады? Мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатын дәрежеде оқыту үрдісін қалай ұйымдастыруға болады? Оқушы болашақ маман ретінде бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек?

Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – оқытуда инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдалану. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың әдістері неде? Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек. Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді. Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанның сексен пайыз сақталса, өздері істегеннің тоқсан пайызы қалады. Қазіргі заманның қоғамдық-әлеуметтік басты мәселелерінің бірі – басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлей білуі. Осы мәселені шешу барысында жалпы білім беру мектептерінде, орта және жоғары оқу орындарында ақпараттық – коммуникациялық технологиялар жүйелері еніп, қазақ тілін оқыту әдістемесі де өз нәтижесін беріп келеді. Оқу орындарында ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы оқыту қазақ тілін үйретудің сапасы мен маңызын арттырады. Ақпараттық – коммуникациялық технология түсінігі, ақпарат алмасу, жіберу, сақтау, өңдеу, жинаудың әдістері мен тәсілдерін жинақтайтын жалпыланған түсінік. [1, б. 9]. Ақпараттық және коммуникативті технологиялар күннен күнге білім берудің әр түрлі салаларына енгізілуде. Бұның бірнеше себептері бар, қоғамның ақпараттандырылуы, жоғарғы санатты мамандарды дайындау қажеттілігі.

Соған қоса, қазіргі заманғы мұғалімдер мектептер мен білім беру мекемелері жаңа компьютерлік технологиялармен, бағдарламалармен жабдықталуда. Бұл технологиялар мен бағдарламалар көмегімен қазіргі заманғы мұғалімдер өз білімдерін жетілдіре, көрсете алады. Ақпараттық–коммуникациялық технология – бұл ақпаратты өңдеудің алгоритмдерін, тәсілдерін, механизмдерін, құралдарын сипаттайтын жалпылама түсінік. Ақпараттық–коммуникациялық техноло–гия қазіргі заманғы маңызды құралы компьютер болып табылады.Сабақта ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың пайдалану тиімділігін атап өтсек: білімалушылардың өз бетімен жұмысы, аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу,шығармашылық жұмыс,қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы, қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі, экономикалық тиімділігі, оқушының ой–өрісінің дүниетанымын кеңейтеді.

Сонымен бірге ақпараттық–коммуникациялық технологияларжаңа оқыту технологиялармен ұштастыра қолданылады. Тәжірибемізде білім берудіңмынадай технологиялар түрлерін үнемі қолданудамыз:деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту технологиясы;оқу мен жазу арқылы мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту, диалогтік оқыту. Сабағымызда оқушылар онлайн мектеп платформасында өздеріміз құрастырған сабағымыздың тапсырмаларын қызыға орындайды. Жаңа ақпараттық–коммуникациялықтехнологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімалушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Білімалушылардың тіл байлығын дамытады;
3. Оқушылардың өз ойын жеткізуге, жан–жақты ізденуге үйретеді;
4. Білімалушыларымызды шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

Сабақта АКТ–ны қолданумен өту үшін не істеу керек? Біріншіден, құрал–сайман, кем дегенде бір компьютер, оқытушының идеалды түрде автоматтандырылған жұмыс орны, бірнеше оқушы жұмыс орны, видеопроектор және интерактивті тақта.Екіншіден, компьютерде жұмыс істеу дағдысы бар мұғалім мультимедиялық проектор ережелерімен және интерактивті тақтамен таныс болуы қажет.Үшіншіден, білім беру өнімдері бар цифрлық компакт–дискілер болуы қажет. [2, б. 7]. Тәжірибе көрсеткендей, компьютерлік жүйе қолданылатын сабақтар мұғалімнің орнын баспайды, керісінше, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым–қатынасты неғұрлым мазмұнды, жеке тұлғалы және әрекетті етеді. ЭЕМ–ды сабақта қолдану уақытты үнемдейді, оқушылардың түрткісін (мотивациясын) және оқу–танымдық үдерістің тиімділігін арттырады. Ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып, компьютерлік бағдарламалардың қолданылуының үш негізгі формасын бөліп алуға болады: 1) компьютерлік қолдаумен жүретін сабақтар; 2) оқушылардың бағдарламамен өздік жұмысы; 3) қашықтан оқыту (мұғалім мен оқушының компьютерлік торап арқылы өзара іс–әрекеті). АКТ–ны қолдану сабақтарында, басқа сабақтардағы сияқты, мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тура келеді:– дидактикалық (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау); – әдістемелік (тақырыпты беруде АКТ–ны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою); – ұйымдастырушылық (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуді болдырмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру); – оқыту (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту). Осы көрсетілген мәселелерден компьютерлік бағдарламаны қолдану сабақтарын дайындау әдістемесі мынадай кезеңдерден тұратынын айтуға болады: – мұғалімнің міндеттерді қоюы (конкретті сынып бойынша берілгендерді талдау, тұтас сыныппен және жеке оқушылармен жұмыс формалары мен әдістерін айқындау); – компьютерлік бағдарламаның әзірлемесін дайындау бойынша немесе дайын білімдік цифрлық ресурсты пайдалануы бойынша мұғалімнің өздік жұмысы;– дайындалған бағдарламаны сабақтың әр түрлі кезеңдерінде пайдалану; – тестілеу қабыршағы көмегімен тесттік бақылау жүргізу (тақырыптық, аралық, сабақ қорытындысы бойынша); – оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы өздік жұмыстары үшін бағдарлама енгізу; –осы сыныптағы келесі сабақтың мазмұнына түзету енгізу мақсатында сабақты талдау, мысалы, не игерілмегенін, оған кейін қайта оралу қажеттігін анықтау. [3, б. 13–15]

Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаттарының бірі – тіл үйренушінің қатысымдық біліктілігін қалыптастырып, сөйлеу қабілетін дамыту. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар арқылы оқушы тек қана міндетті деңгейді орындап қоймай, бірнеше деңгейдегі тапсырманы орындап, өз іскерлігін, шеберлігін, қабілетін көрсете алады. Әр түрлі деңгейлік тапсырмалар, өздік жұмыстар арқылы оқушылар өз ойларын толық, дұрыс жеткізуге дағдыланады. Сабақта қолданған электронды оқулық арқылыдеңгейлік тапсырмалар белгілі бір мәтінге және грамматикалық тарауларға жасалады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытушы білімі орта, төмен оқушылармен бөлек және дарынды, ізденімпаз оқушылармен шығармашылық жұмыс ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды жүзеге асыруда мұғалім ізденімпаздық пен белсенділік танытып, мамандығына, шәкірттеріне деген көзқарасы ерекше болады. Оқыту барысындақолданып жүрген технологиялар ішіндегі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы»

стратегиялары қазақ тілі және әдебиеті пәніне арнап құрастырылған десек, артық айтқанымыз болмас. Сын тұрғысынанойлау бағдарламасында 100–ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кездебіз қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы,кубизм , дискуссиялық өрнек,кластер, ішіне сыртына, синквин,т.б. Бұл әдістің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау қабілетін, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталады. Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар мен СТО жобасы мұғалім мен оқушының белсенділігін арттыруда қолдануға болатын бірден – бір әдіс деп айтар едік. Бұл әдіс оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, жаңа сабақты оқушының өзі меңгеруіне жағдай жасайды. Меңгерген жаңа тақырып бойынша салыстырулар, болжамдар жасайды, тақырыпты жүйелейді, ұмтылыс, белсенділік пайда болады. Оқушылар алған білімдері мен оған дейінгі білімдерін салыстырады.Жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық. Жаңа технология стратегияларыинтерактивті тақтаға енгізіп , оқушылар жауаптарын орындайды. Мысалы, 5 сыныпта «Менің электронды поштам», «Компьютердің пайдасы мен зияны»тақырыбында өткізген сабақтарда интерактивті тақта арқылы жаңа технологиялардың кейбір элементтерін қолдануға болады:

### 1. Венн диаграммасы



### 2. Бес жол өлең:

1. Интернет
2. жедел, заманауи
3. таратады, жеткізеді, байланыстырады.
4. Интернет–ақпарат беретін құрал
5. Ақпараттық өріс.

Сонымен бірге оқушылар онлайн мектеп желісінде қызығушылықтарын танытып, құрастырған сабақтың тапырмаларын орындайды.Кез келген тапсырманы көптеген суреттер, маңызды ақпараттар, аудио және бейнежазбалар арқылы оқушылардың тапсырманы орындауға қызығушылығын оята отыра, әр тапсырманы талпына жасауға зор мүмкіншіліктер берілген. Сондықтан, оқушылардың жас деңгейлерін ескере отырып,тапсырмаларын Online Мектеп платформасындақұрастыру өте тиімді. [4, б. 1] Тілге деген қызығушылық дадыларын ояту жәнеқазақ тілінің сөздерін сапалы есте сақтау мақсатымен тапсырмаларға жұмбақ пен сөзжұмбақтар, тақпақтар еңгіземіз.. Оқушыларға жаңа сөздерді жаттауына жеңіл де қызықты болу үшінәртүрлі қызықты тапсырмаларды құрастырамыз.Қазақ сөздердің баламасын қатып қалған түрде бермей, жұмбақ пен сөзжұмбақты шешуін тауып, аудармасын жазуға тапсырма береміз. Жаңа сөздерді меңгертудежеке, жұппен, топпен жұмыс түрлері жүргіземіз.

Оқушының іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру мақсатымен сурет пен сөздерді сәйкестендіру тапсырмада жаттығу әдісін қолданамыз. Оқушыларға, әсіресе 5–7 сынып білім–алушыларға, сабаққа болжам жасағанда, бейне түсірілімдер, жасырын, суреттер галереясы, кім жүрік? әдістер яғний интербелсенді тақта мен шығармашылық тәсілдер ұштастыра байланысқаны ұнады.Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар оқушылардың қайрат–жігерін дамытуына да ықпал етеді. Мысалы оқушылар интербелсенді тақтаға шығып сөздерді дауыстап айтады, көпшілік алдында өз–өзінді ұстау қабілеті, шығармашылық қабілеті дамытылады. Оқушы оқу материалдарын сапалы түсініп, игергеннен кейін, әуелі сол материалға байланысты қарапайым, одан кейін бірте–бірте күрделі жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, сабақтаоқушылар жаңа сөздерді игеріп, сөз тіркесін , сөйлемдер құрастырып, компьютер арқылы дұрыс жауаптарымен салысытырып, бір –бірін бағалайды. Практикалық қолдану әдісіинтербелседітақта арқылы тиімді қолдандық. Оқушылар сөздерді екі топқа бөліп жаңа лексикадан білімдеріндібекітті. Оқушылартақырып боцыншаатауларын ажыратып қазақ тілінде ауызша айтып шықты. Интерактивті тақтаны қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген

қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды мейлінше қолдана алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде интерактивті тақтаны сабаққа пайдалануды оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер, табиғат құбылыстарының дыбысы мен музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр–ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті тұлғаны даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Жаңа қоғамның тізгінін берік ұстайтын еркін елдің ертеңі кемеңгерлерін оқыту, тәрбиелеу бесіктен баланың нәрестілік шағынан басталып, ұдайы үздіксіз даму барысында қалыптасатыны белгілі. [4, б. 7]. Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар жедел ақпараттандыру білім саласындағы өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттілігін туындайтыны анық. ХХІ-ғасыр білім ғасыры, тұлғаның ой-өрісін даму тенденциясын заман талабына сай дамыту әрбір ұстаздардың міндеті. Қазіргі білім беру саласында ақпараттық технологияны сабақта пайдалану ұдайы қалыптасқан. [5, б. 2] Десе де осы технологиялар бірте-бірте жаңарып, жаңа үлгіде, оның пайдалану мүмкіншіліктерінде әр қилы болып келуде. Ал мұғалім өз сабағын өнімді эвристикалық деңгейде оқыту үшін әрине осы ақпараттық технологияларды жетік меңгеріп, тиімді пайдаланғаны дұрыс. Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса зор. Қорыта келгенде, оқытушы үшін нәтижеге жету білім алушысының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала– ертеңгі жаңа өлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Білім алушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. 1.Берібеков Қ.Қ. «Әдістемелік ұсыныстар жинағы» Астана, 2002 ж.9 б.
2. 2.Оқытудағы ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану 7 б.
3. 3.Білім берудегі ақпараттық технологияландырудың өзектілігі 13–15 б.
4. 4.Ақпараттық технологиялардың даму тарихы 1–7 б.
5. 5.Сұрауымбетова Р. «Білім беру деңгейін көтеруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі» 2 б.

УДК 711.7

### **ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ ЧЕРЕЗ ПРОЕКТНУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**

*Бакирова Амина Пазулжановна*  
*учитель истории и права*  
*КГУ «Общеобразовательная школа №2 г. Атбасар*  
*Отдела образования по Атбасарскому району*  
*Управления образования Акмолинской области»*  
*г. Атбасар, Казахстан*  
*E-mail: amina.bakirova.77@mail.ru*

#### **Аннотация**

*Формирование исследовательской компетентности – одно из актуальных направлений научной деятельности, как в учебном процессе, так и в дальнейшей жизни учащихся. Это продиктовано современной действительностью, ведь различные профессии требуют наличие исследовательских навыков. Полученные*